

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ  
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ  
И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс  
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 14 подъезд  
тел.: +7 7172 74 08 44

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
**З. П. Кузиевке**

*2022 жылғы 29 маусымдағы  
№ ДС -219 сауалға*

### **Құрметті Закиржан Пирмухамедұлы!**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік), Сіздің мемлекеттік орман қоры жерлерін жекелеген адамдардың аң шаруашылығы үшін пайдалануы мәселесі бойынша жолдаған депутаттық сауалыңызды қарап, төмендегіні хабарлаймыз.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 1-бабының 9 тармағында аңшылық шаруашылығы – аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану, жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын сақтау, оларды қорғау және өсімін молайту жөніндегі шаруашылық қызметтің түрі болып көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 37-бабының 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы, осы Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген жерді қоспағанда, **орман қоры жерінде және босалқы жерде** жабайы жануарларды, оның ішінде аңшылық мақсатында өсіру үшін – Қазақстан Республикасының азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларына он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Осы Кодекстің көрсетілген нормасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жабайы жануарларды, оның ішінде аңшылық мақсатында өсіру үшін жер учаскелері тек орман қоры және босалқы жерден ғана беріледі.

Сонымен қатар, қолданыстағы Кодекске сәйкес аталған мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы (жайылым) жер учаскелері берілмегендігін назарыңызға жеткіземіз.

Заңның 40-бабына сәйкес аңшылық алқаптар облыстың жергілікті атқарушы органы ұйымдастырған конкурс қорытындысы бойынша бекітіледі. Конкурс өткізу қағидаларына сәйкес конкурс электронды түрде комиссия құрыла отырып өткізіледі, оның құрамына уәкілетті органның немесе ведомствоның аумақтық бөлімшелері, облыстың жергілікті атқарушы органы, аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің ғылыми ұйымдары мен республикалық қауымдастықтарының өкілдері кіреді.

Алматы облысындағы аңшылық алқаптардың жалпы ауданы 14 млн.478 мың 160 га құрайды, аңшылық пайдаланушыларға бекітілген аңшылық алқаптардың ауданы – 5 млн 037 мың. 017 га құрайды. Барлығы 121 аңшылық шаруашылығы субъектілеріне бекітілген.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жануарлар дүниесін пайдаланушылар жеке кәсіпкерлік субъектілері ретінде қарастырылады және олардың шығындары жануарлар дүниесін қорғауға салынатын жеке инвестициялар болып табылады. Мәселен, 2021 жылы Алматы облысының аңшылық шаруашылығын жүргізуге жұмсалған шығындар – 480 млн теңгеден асты. Бұл сомалар аңшылық шаруашылығы субъектілерінің өз шығындары болып табылады.

2021 жылы аңшылық шаруашылығы қорықшылық қызметінің штаты 279 адамды, аңтанушылар 102 адамды, өзге де қызметкерлер 51 адамды құрады. Аңшылық шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасы:

Көлік пен жарақтандыру:

- автокөліктер – 271 бірлік;
- тракторлар - 43 бірлік;
- мотоциклдер - 23 бірлік;
- жылқы – 299 бас.

Көліктердің көпшілігі жалдау шарттары бойынша пайдаланылады және аңшылық шаруашылықтарында қажет болған жағдайда қолданылады.

Қорықшылық қызметтің жарақтандырылуы:

- қызметтік қару – жоқ;
- байланыс құралдары – 476 бірлік;
- арнайы киім – 506 дана;
- қорықшы кордондары – 173 дана.

Аңшылық шаруашылығының экономикасын тұрақтандыру үшін мемлекет тарапынан құқықтық және қаржылық қолдау қажет.

Қазіргі таңда, жануарлар дүниесін пайдаланушылар жеке кәсіпкерлік субъектілері ретінде қарастырылуына байланысты оларға қатысты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 13-тарауымен бақылау, қадағалау және тексерулер шектеледі.

Депутаттық сауалда көрсетілген Райымбек ауданында 474146 га аумақта - 15 аңшылық шаруашылығы қызмет жасап, олар 11 жануарлар дүниесін

пайдаланушыларға бекітіліп берілген. Кеген ауданында 311580 га аумақта 7 аңшылық шаруашылығы болса, олар 6 жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілген. Ұйғыр ауданында 431159 га аумақта орналасқан 13 аңшылық шаруашылығы, 13 жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілген. Еңбекшіқазақ ауданында 377088 га аумақта 13 аңшық шаруашылығы болса, олар 9 жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілген.

«Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 17-03/362 бұйрығының 36 тармағына сәйкес өсімін молайту учаскелеріне аңшылық шаруашылығы алқабының кемінде 10-15% бөліну қажет. Бұл учаскелер көрші алқаптардағы фаунаның басын толықтыратын аңдардың табиғи мекендеу орны болып табылады. Яғни, бекітіліп берілген аңшылық шаруашылықтардың жерінің 10-15% ғана тыныштық аймағы (*Зона покоя*) болып табылады, және аңшылық алқаптардың аумағы ешқандайда қоршаумен қоршалмаған. Депутаттық сауалда көрсетілген аталған аңшылық шаруашылықтардың жерлерін, аң шаруашылығы үшін қоршап алу туралы айтылған мәлімдемесі шындыққа жанаспайды. Аңшылық шаруашылықтары тек, аңдарды жерсіндіру кезінде арнайы алқаптың бір бөлігін қоршап вольер жасауы мүмкін.

Осыған орай, Заңның 17-бабының 1-тармағына сәйкес жабайы жануарлар мекендейтін орта ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерге ешкімнің қол сұқпауы қамтамасыз етілуге тиіс.

Осыған орай, тыныштық аймағы болып белгіленеді.

Кодекстің 1-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес төмендегідей санаттарға бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- 5) орман қорының жері;
- 6) су қорының жері;
- 7) босалқы жер.

Яғни, Кодекске сәйкес аңшылық шаруашылықтарының жерлері ешқандай жер санатына кірмейді.

Осыған байланысты, аңшылық шаруашылықтары Кодекстің 12-бабы 38)-тармақшасына сәйкес сервитут жағдайында жер учаскелерін пайдалануда.

Осымен, аңшылық шаруашылық субъектілері жердің меншік иесі болып табылмайды.

Аңшылық шаруашылықтардың пайдаланып отырған жердің меншік иесі жергілікті атқарушы органдар мен орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемелері болып табылады.

Өз кезегінде аңшылық шаруашылық пайдаланушылар жойылып кету қауіпі төнген ҚР Қызыл кітабына енген жануарлар дүниесін күзетілуін өсуін қамтамасыз етеді.

Ерекше айта кететін жәйт, жойылып кету қауіпі төнген ҚР Қызыл кітабына енген Бұхар бұғысының 90% әлемдік қоры Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Қарашеңгел» аңшылық шаруашылығында мекен етеді. Сонымен қатар жоғарыда аталған аудандарда орналасқан аңшылық шаруашылықтарда ҚР Қызыл кітабына енген негізгі түрлері арқар, қарақұйрық, қар барысы, түркі сілеусіні, сабаншы және құстардан бүркіт, қаршыға, дала қыраны, дуадақ мекен етеді.

Сондай-ақ, аңшылық пайдаланушылар елімізде кенже дамып келе жатқан туристік саланың дамуына өз үлесін қосуда. Атап айтқанда 2021 жылы 146 шет ел азаматтарының қатысуымен ұйымдастырылған аңшылықтан 28 млн. 586 мың теңге қаржы бюджетке түсті. Барлық жануарлар дүниесін пайдаланудан бюджетке 55 млн. 411 мың теңге түсті.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, аңшылық шаруашылығын жүргізуге байланысты біраз мәселелердің орын алып отырғанын, оның ішінде, жануарлар дүниесін пайдаланушыларға кордондар салуға мемлекеттік қор жерлерінен жер алудың қиындығы, сол жерлерде малдың көбеюі, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің ұлғайып, аңшылық алқаптар мен жануарлардың мекен ету ортасының тарылуы. Әр түрлі деңгейдегі жолдардың салынуы, газ құбырлары мен электр желілер торабының ұлғаюы, сансыз карьерлер мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметі көптеген қиындықтар туғызып, аңшылық шаруашылықтарының ертеңгі күніне деген сенімсіздікті күшейтіп, өз міндеттерін толыққанды орындауға шектеу болып отыр.

**Министрдің  
міндетін атқарушы**

**Т. Момышев**



**БҰЙРЫҚ**

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

город Нур-Султан

2022 жылдың 22 шілде № 286

**Міндеттерді жүктеу туралы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар Вице-министрі (2022 жылғы 21 шілдеден бастап 5 тамыз аралығында Министрдің м.а.) Талғат Амангелдіұлы Момышевтың іссапарына байланысты жұмыста болмаған кезеңде, міндетін атқару 2022 жылғы 23 шілдесі күні Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар Вице-министрі Зульфия Булатовна Сулейменоваға жүктелсін.

Қазақстан  
Республикасының  
Экология, геология  
және табиғи ресурстар  
министрі



**С. Брекешев**

## Келісім парағы

<b>ТАӘ</b>	<b>Мемлекеттік орган, (мекеме)/бөлім, лауазым</b>	<b>Шешімі</b>	<b>Қолы, күні</b>
------------	---	---------------	-------------------